Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 Хаттамасы

Өткізілген күні: 18 мамыр 2026 жыл
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Жыл бойы атқарылған жұмыстар бойынша есеп беру
2. Ата-аналар арасында сауалнама қорытындысы
3. Жазғы тағам режиміне дайындық
3. Келесі оқу жылына ұсыныстар енгізу

Тыңдалды:

1. Қамқоршылық кеңестің қызметі ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілді. Желілік кесте бойынша жыл басында бекітілген жұмыс жоспары толығымен орындалды. Кеңес құрамына ата-аналар, үкіметтік емес ұйым өкілдері және демеушілер енді. Жыл бойы жоспарлы түрде 4 рет ресми отырыс өткізіліп, тиісті хаттамалар толтырылды. Онда мекеменің даму жоспары, балалардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік көмек мәселелері талқыланды.Кеңес мүшелері мекемедегі балалардың тамақтану сапасына тұрақты мониторинг (бракераждық комиссия құрамында) жүргізді. Асхананың тазалығы, мәзірдің сақталуы тексеріліп, оң нәтиже көрсетті. Мекемедегі бейнебақылау жүйесінің жұмысы, кіріп-шығу режимі , бедерлі бағыттаушы тактильді плитка және киреберіс бөлігінде қолжетімділік талаптарына сәйкес пандус орнатылуын, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы кеңес мүшелерімен бірге қаралды.Жыл қорытындысы бойынша Қамқоршылық кеңес өз міндетін ашық, жариялы және ерікті түрде атқарды. Мекеме әкімшілігі мен ата-аналар арасындағы байланыс нығайды.
2. Психолог Бисембаева Ш.А. ата-аналар арасында жабық түрде жүргізілген сауалнаманың нәтижесін баяндады
3. Келесі оқу жылына арналған міндеттер:
   Мекеменің материалдық базасын жақсартуға жаңа демеушілер тарту. Балалардың жазғы сауықтыру және бос уақытын ұйымдастыру жұмыстарына қолдау көрсету.
   Қамқоршылық кеңес мүшелері жылдық жұмыстың нәтижелі болғанын атап өтті.
   Ата-аналар балабақша ұжымына алғыстарын білдірді.

Қаулы:

1. 2025–2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Білім сапасын арттыру бойынша жұмыстар жалғассын.
3. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар жоспарға енгізілсін.

Төраға: Аятолла Бекзада
Хатшы: Баймагамбетова Гулбану

ЖШС «Самғау НРМ» «Жұлдыз-1» балабақшасы «САМҒАУ» Усманова Б.Ш.